



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢЫ**

**ЗАКОН
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**Қазақстан Республикасының Әкімшілік
құқық бұзушылық туралы кодексiне
Қазақстан Республикасындағы Адам
құқықтары жөнiндегi уәкiл қызметiнiң
мәселелерi бойынша өзгерiстер мен
толықтырулар енгiзу туралы**

1-бап. 2014 жылғы 5 шiлдедегi Қазақстан Республикасының Әкiмшiлiк құқық бұзушылық туралы кодексiне мынадай өзгерiстер мен толықтырулар енгiзiлсiн:

1) 19-бапта:

үшiншi бөлiк мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөнiндегi уәкiл лауазымдық мiндеттерiн атқаруына байланысты өзiне белгiлi болған мән-жайлар туралы айғақтар беруге мiндеттi емес.»;

мынадай мазмұндағы төртiншi бөлiкпен толықтырылсын:

«4. Осы баптың бiрiншi, екiншi және үшiншi бөлiктерiнде көзделген жағдайларда аталған адамдар айғақтар беруден бас тартуға құқылы және бұл үшiн оларды қандай да бiр жауаптылыққа тартуға болмайды.»;

2) мынадай мазмұндағы 668-1-баппен толықтырылсын:

«668-1-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөнiндегi уәкiлдiң заңды қызметiне араласу не кедергi келтiру

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөнiндегi уәкiлдiң қызметтiк мiндеттерiн орындауына байланысты оның заңды қызметiн жүзеге асыруына араласу не кедергi келтiру – лауазымды адамдарға – он бес, заңды тұлғаларға жиырма айлық есептiк көрсеткiш мөлшерiнде айыппұл салуға алып келедi.»;

3) 684-баптың бiрiншi бөлiгi «668,» деген цифрлардан кейiн «668-1,» деген цифрлармен толықтырылсын;

4) 804-баптың бiрiншi бөлiгiнiң 33) тармақшасындағы «668-баптар» деген сөздер «668, 668-1-баптар» деген сөздермен ауыстырылсын;



5) мынадай мазмұндағы 874-1-баппен толықтырылсын:

«874-1-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу шарттары мен тәртібі

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісімінсіз күштеп әкелуді, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға болмайды.

2. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді сот тәртібімен әкімшілік жаза қолдануға алып келетін әкімшілік жауаптылыққа тартуға, күштеп әкелуге келісім алу үшін әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істердің ведомстволық бағыныстылығына сәйкес мемлекеттік органның бірінші басшысы Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына ұсыну енгізеді. Ұсыну әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі сотқа жіберер алдында, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген сотқа, органға (лауазымды адамға) мәжбүрлеп жеткізу қажеттігі туралы мәселені шешер алдында енгізіледі.

3. Мемлекеттік органның бірінші басшысы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының шешімін алғаннан кейін іс бойынша одан әрі іс жүргізу осы Кодекстің 819-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қатысты сот тәртібімен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараудың заңдылығын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры жүзеге асырады.»;

6) 875-бапта:

тақырыптағы «Бас прокурорына» деген сөздер «Бас Прокурорына, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Егер судья істі қарағанға дейін Қазақстан Республикасы Конституциясының 52-бабының 4-тармағында, 71-бабының 5-тармағында, 79-бабының 2-тармағында, 83-бабының 3-тармағында аталған мемлекеттік органдар күштеп әкелуге келісім беруден бас тартқан болса немесе мұндай келісім сұралмаса, судья осы Кодекстің тиісінше 870-бабының екінші бөлігінде, 874-1-бабының екінші бөлігінде көзделген тәртіппен күштеп әкелуге келісім беру туралы ұсыну жасап, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшелеріне, судьяға, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шарасы ретінде күштеп әкелуді қолдануға құқылы.».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Қ. ТОҚАЕВ



Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 29 желтоқсан

№ 92-VII ҚРЗ